

Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевтың Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 15-16 желтоқсандағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 наурыз N 330

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевтың Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 15-16 желтоқсандағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі -
- **Ж о с п а р) б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де

мемлекеттік органдары (келісім бойынша) мен мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Үкіметін Жоспардың орындалу барысы туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 19 наурыздағы

N 330 қаулысымен

бекітілген

Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевтың Қазақстан

Республикасына 2001 жылғы 15-16 желтоқсандағы ресми сапары

барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі

іс-шаралар

ЖОСПАРЫ

1	2	3	4
---	---	---	---

I. Мына құжаттардың күшіне енуі жөнінде
қажетті мемлекетішлік рәсімдерді
жүргізу:

- 1 Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы Мемлекеттік шекараны межелеу туралы шарт 2002 жылғы Қазақстан II тоқсан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
- 2 Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Шекара ауданындағы сенім шаралары бойынша келісім 2002 жылғы Қазақстан II тоқсан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
- 3 Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Мемлекеттік шекараны қорғауды ынтымақтастық туралы келісім 2002 жылғы Қазақстан II тоқсан Республикасының Үлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша)
- 4 Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Шекара өкілдерінің қызметі туралы келісім 2002 жылғы Қазақстан II тоқсан Республикасының Үлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша)

II. Мына құжаттарды қол қоюға дайындау:

- 1 Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Еңбек қызметі және еңбекші-көшіп келушілерді әлеуметтік қорғау туралы келісім 2002 жылғы Қазақстан сәуір Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі; Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер
министрлігі

- 2 Қазақстан Республикасының Үкіметі 2002 жылғы Қазақстан
мен Қырғыз Республикасының Үкіметі сәуір Республикасының
арасындағы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
мен Қырғыз Республикасы азаматтар. министрлігі
ының өзара сапарларының шарттарын
реттеу туралы келісім
- 3 Қазақстан Республикасының Үкіметі 2002 жылдың Қазақстан
мен Қырғыз Республикасының Үкіметі ішінде Республикасының
арасындағы Қауіпті әскери іс-әрекет. Корғаныс
терді болдырмау туралы келісім министрлігі;

Қазақстан
Республикасының
Сыртқы істер
министрлігі
- 4 Қазақстан Республикасының Үкіметі 2002 жылғы Қазақстан
мен Қырғыз Республикасының Үкіметі сәуір Республикасының
арасындағы Газ саласындағы Энергетика және
ынтымақтастық туралы келісім минералдық
ресурстар
министрлігі;

Қазақстан
Республикасының
Сыртқы істер
министрлігі
- 5 Қазақстан Республикасының Корғаныс 2002 жылдың Қазақстан
министрлігі мен Қырғыз Республикасының ішінде Республикасының
Корғаныс министрлігі арасындағы Әскери Корғаныс
білім беру саласындағы ынтымақтастық министрлігі;
туралы келісім Қазақстан
Республикасының
Сыртқы істер
министрлігі

- 6 Су-энергетика ресурстарын ұтымды бірлесіп пайдаланудың ұзақ мерзімді тетігі мен стратегиясының тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан - ყызы су-энергетика консорциумын құру туралы келісім 2002 жылғы Қазақстан сәуір Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі; Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі; Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
- 7 Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан - қырғыз еki жақты көлік консорциумын құру туралы келісім 2002 жылғы Қазақстан сәуір Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі; Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
- 8 Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан - қырғыз еki жақты азық-түлік консорциумын құру туралы келісім 2002 жылғы Қазақстан сәуір Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі; Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі; Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі

III. Сауда-экономикалық ынтымақтастық:

- 1 Қырғыз Республикасының аумағына орналасқан "Бұхара - Ташкент - Бішкек - Алматы" магистральды газ құбыры участекерін бірлесіп пайдалану туралы мәселені пысықтау 2002 жылғы Қазақстан желтоқсан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі; "КазМұнайГаз" ҰК" ЖАҚ (келісім бойынша)
- 2 "Қарабалта тау-кен комбинаты" АҚ-та алтынды тазарту үшін қазақстан шикізатын жеткізу мүмкіндігін қарастыру 2002 жылғы Қазақстан наурыз Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
- 3 Қазақстан кәсіпорындарының "Қырғызкабель" АҚ, "Дастан" ТҮҚ" АҚ, "Ореми" АҚ, "Каинды-Қант" АҚ қырғыз кәсіпорындары акцияларының мемлекеттік пакеттерін сенімді басқаруға сатып алуы туралы мәселені пысықтау 2002 жылғы Қазақстан желтоқсан Республикасының Экономика және сауда министрлігі
- 4 "Қырғызтелеком" ЖАҚ акцияларын сатып алу туралы мәселені пысықтау 2002 жылғы Қазақстан желтоқсан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі; "Қазақтелеком" ЖАҚ (келісім бойынша)
- 5 Қазақстан Республикасы шаруашылық жүргізуші субъектілерінің "Қырғызэнерго" II тоқсан Республикасының

- АҚ алдындағы берешектеріне байланысты
проблемаларды шешу жөнінде мәселені
қарастыру
- ресурстар
министрлігі;
Қазақстан
Республикасының
Әділет
министрлігі;
Қазақстан
Республикасының
Қаржы министрлігі;
"Қазақстанэнерго"
ҰЭЖ" РМК
- Энергетика және
минералдық
- 6 "Қарабалта тау-кен комбинаты"
АҚ-та қайта өндіу үшін уран
шикізатын жеткізуді ұлттайту
мүмкіндігін қарастыру
- 2002 жылғы Қазақстан
сәуір Республикасының
Энергетика және
минералдық
- ресурстар
министрлігі;
"Қазатомөнеркәсіп"
ҰАК ЖАҚ
(келісім бойынша)
- 7 Қазақстан Республикасының Қамбарата
СЭС-2 құрылышы бойынша бірлескен
кәсіпорнын құруға қатысуы жөніндегі
ұсыныстарды зерттеу және енгізу
- 2002 жылғы Қазақстан
наурыз Республикасының
Энергетика және
минералдық
- ресурстар
министрлігі;
Қазақстан
Республикасының
Қаржы министрлігі
- 8 Горки - Ревки әуе жолын ашу мүмкін.
дігін зерттеу және нәтижелері
бойынша Қыргыз Тарабын хабардар ету
- 2002 жылғы Қазақстан
наурыз Республикасының
Көлік және
коммуникациялар
министрлігі

9 Екі мемлекет аумағында сауда үйлерін 2002 жылғы Астана қаласының, өзара ашу мүмкіндігін қарастыру II тоқсан Алматы қаласының және облыстардың әкімдері

IV. Астана қаласында қазақстан-қырғыз 2002 жылғы Қазақстан сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық II тоқсан Республикасының және мәдени ынтымақтастық жөніндегі Сыртқы істер бірлескен үкіметаралық комиссиясының министрлігі үшінші мәжілісін еткізу

V. Қырғыз тарабымен Қазақстан 2002 жылғы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі И.Н. сәуір Республикасының Тасмағамбетовтың Қырғыз Республикасына Сыртқы істер ресми сапарының мерзімдерін келісу министрлігі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.